



«Бекітілді»  
№4 «Бәйтерек» бөбекжай-бақшасының  
директоры Б.Ж. Хисамиденова  
№1 педагогикалық кеңесте  
28 тамыз 2020жыл

**Кіші №1 «Қошақан» тобының 2020 -2021 оқу жылына арналған  
перспективалық жоспары**

## ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

Кіші топ 2020 – 2021 оқу жылы

**Өтпелі тақырып: «Балабақша» Қыркүйек айы**

**Мақсаты:** Балалардың бойында балабақшаға, достарына сүйіспеншілік сезімді қалыптастыру; бірлескен әрекетке қызығушылықты дамыту.

Апта	Апталық тақырып	Денсаулық-3 сағат	Қатынас-1 сағат	Таным- 2 сағат	Шығармашылық- 3 сағат
I-апта	Менің балабақшам	Дене шынықтыру(3 сағат)	Сөйлеуді дамыту(0,5с) Көркем әдебиет(0,5с)	Сенсорика(0,5с) Құрастыру(0,5с) Жаратылыстану(1с)	Музыка (1,5с) Сурет салу (1с) Мүсіндеу(0,25с) Жапсыру(0,25с)
		<p><b>1.Дене шынықтыру</b> <b>Мақсаты:</b>Әр түрлі бағытта жүргенде кеңістікті бағдарлауды үйрету. Шектеулі ауданда жүргенде тепе теңдікті сақтап жүруді үйрету. Балабақшаға деген сүйіспеншіліктерін ояту.</p> <p><b>Негізгі қозғалыстар:</b> 1.Екі сызықтың ортасымен жүру (арақашықтығы 25 см) « Жолмен жүрейік»</p> <p><b>2.Дене шынықтыру</b> <b>Мақсаты:</b>Түрлі бағытта жүру, тапсырмалармен жүгіру:домалап бара жатқан заттарды қуып жету, қос қолмен допты алға қарай лақтыру, алға жылжи отырып секіру, балалардың өздігінен қимыл-қозғалыс әрекеттері барысында белсенділіктерін дамыту;</p> <p><b>Негізгі қозғалыстар:</b> а)заттардың арасымен бытырап жүгіру ә)бір орында тұрып қос аяқпен секіреді «доптар»</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>Тақырыбы:</b>«Біздің топ» <b>Мақсаты:</b>Балаларды ұжымдық шараға қатысуға үйрету, тәрбиешінің айтқанын өз еркімен тыңдап, қоршаған ортада айтылған сөздерді түсініп, дыбысқа еліктеу және қарапайым сөздерді айтуға дағдыландыру.</p>	<p><b>Сенсорика</b> <b>Тақырыбы:</b> «Балабақшаға барар жол» <b>Мақсаты:</b>Берілген 4 заттан белгілі екі түсті затты таңдай білуге үйрету (қызыл көк); заттарды түстері бойынша топтастыра білудегі біліктіліктерін, сөйлеу тілдері мен сөздік қорларын молайту. Берілген тапсырмаларды орындау кезінде шыдамдылыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>Жаратылыстану</b> <b>Тақырыбы:</b> «<i>Балабақша – менің үйім</i>» <b>Мақсаты:</b>Балаларды балабақшамен, топпен және оның бөлмелерімен, балабақша қызметкерлерімен таныстыру. Тақырып бойынша сөздік қорларын, сөйлеу тілдерін жетілдіру, тәрбиеші сұрақтарына</p>	<p><b>Сурет салу</b> <b>Тақырыбы:</b> «Қағаз, қарындашпен таныстыру» (қарындаштар) <b>Мақсаты:</b>Балаларға көлденеңнен тігінен сызықтар сызуды үйрету; қағазбен, субояқ, бояу және майлы қарындашпен таныстырып, жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру; жұмыс орнында отыра білуіне, еңбек ете білуге тәрбиелеу.</p> <p><b>Музыка</b> <b>Тақырыбы:</b>«Айгүл қонақта» <b>Мақсаты:</b>Балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру, сүйікті балабақшасы туралы ән айтуға үйрету. Ән айта отырып, сол әннің мәтініне сай би қимылдарын жасауға үйрету. Музыкалық қабілеттерін жетілдіру.</p> <p><b>Мүсіндеу</b> <b>Тақырыбы:</b> «Ермексаз кесегі» <b>Мақсаты:</b>Балаларды жұмсақ, иілімді заттармен және ермексаз, тұзды қамыр, сазбалшықпен таныстыру. Мүсіндеуге деген қызы-</p>

		<p><b>2.Дене шынықтыру</b>  <b>Мақсаты:</b>Берілген бағытта тәрбиешінің соңынан «шағын топпен» жүру. Түрлі бағытта жүгіру.Қос аяқтап секіру. Допты қос қолмен домалату.  <b>Негізгі қозғалыстар:</b>  Бір орында тұрып екі аяқпен секіру ( 2-3 рет)</p>		<p>жауап беру дағдыларын дамыту.Үлкендер еңбегіне құрметпен қарауға, ұқыптылыққа, балабақшасына деген сүйіспеншілікке, топтағы тәртіпті және тазалықты сақтай білуге тәрбиелеу.</p>	<p>ғұшылығын ермексазды алдымен тақтайша үстінде содан соң , алақан арасында домалатып, кесектер мүсіндеуге үйрету. Жұмыс соңында мүсінделген бұйымды текпешек тұғырға орналастырып, қолды дымқыл қол орамалмен сұртуді түсіндіріп, тазалыққа тәрбиелеу.</p>
--	--	---	--	---	--

**Мақсаты:**Әлеуметтік ортадағы өз орнын білуге және, құрдастарына деген достық қарым-қатынас орнатуға өзара сыйластыққа тәрбиелеу.

Апта	Апталық тақырып	Денсаулық-3 сағат	Қатынас-1 сағат	Таным- 2 сағат	Шығармашылық- 3 сағат
II-апта	Менің достарым	Дене шынықтыру(3 сағат)	Сөйлеуді дамыту(0,5с) Көркем әдебиет(0,5с)	Сенсорика(0,5с) Құрастыру(0,5с) Жаратылыстану(1с)	Музыка (1,5с) Сурет салу (1с) Мүсіндеу(0,25с) Жапсыру(0,25с)
		<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Мақсаты:</b> Балаларды топ болып тәрбиешінің артынан тіке бағытта жүруге және жүгіруге, бір орында тұрып екі аяқпен секіруге жаттықтыру.  <b>Негізгі қозғалыстар:</b>  Бір орында тұрып екі аяқпен секіру ( 2-3 рет) «Допша секіреміз»  <b>2.Дене шынықтыру</b>  <b>Мақсаты:</b>Ирелең жолмен жүруге, қос аяқпен секіруге үйрету. Шағын топпен бір біріне кедергі жасамай саптан шықпай, аяқты тізеден сәл бүгіп секіріп калай істеу керек екенін корсету  <b>Негізгі қозғалыстар:</b>  а) Ирелең жолмен жүру  ә)Қос аяқпен секіру  <b>3.Дене шынықтыру</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Біз өсіп келеміз»</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b>  Тақырыбы: <b>Екі дос (өлең) Қ.Мырзаәли</b>  <b>Мақсаты:</b>  Құрдастарымен қарым – қатынас жасау ережелерін сақтауға үйрету, ойында және қарым қатынаста сыпайылық көрсете алуға көмектесу, өзара сыйластыққа тәрбиелеу.</p>	<p><b>Құрастыру</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Машиналар мен қуыршақтарға арналған қақпа мен жолдар»  <b>Мақсаты:</b>Балаларды қақпалар мен жолдара (үлгі бойынша – жалпақ және жіңішке) тұрғызуға, құрылыс материалдарын тәрбиешінің таңдаудағы көмегімен, түстерді таңдап алуға үйрету; қуыршақ пен машиналарға арналған жолдар мен қақпалардың ені әртүрлі өлшемде болатыны жайлы түсінік беру. Балалардың өздіктерінен жасай білудегі дағдыларын қалыптастыру.  <b>Жаратылыстану</b></p>	<p><b>Сурет салу</b>  <b>Тақырыбы «Ұзын жолдар»</b>  <b>Мақсаты:</b>Балалардың қарындашпен дұрыс жұмыс жасай білу дағдыларын қалыптастыру, қағазда солдан оңға қарай бағытта түзу сызықтар жүргізе білуді үйрету; бейнелегендерін іс-әрекет арқылы көрсете білу, саусақ, қол қимыл-қозғалыстарының икемділіктерін дамыту; еңбек етуге, ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу  <b>Музыка</b>  <b>Тақырыбы:«Бала,бала,балақан»</b>  <b>Мақсаты:</b> Отбасында өткізілетін мерекелер туралы әңгімелер жүргізу,туған күн туралы балаларға түсініктер беру.Ән арқылы ,ойын арқылы балалардың қызығушылығын арттыру,күзгі бақ туралы түсінік беру. Қуыршақ арқылы</p>

		<p><b>Мақсаты:</b> Балаларды жай жүгіру мен секіруге үйрету. Зейіндерін дамыту. Жаттығуларды тәрбиешімен бірге жасау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Негізгі қозғалыстар:</b> Алаң бойымен жай жүріс</p>		<p><b>Тақырыбы: «Менің достарым»</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларға достық, татулық, бірлік ұғымдарын түсіндіру. Өзара татулық сезімдерін қалыптастыру. Достықты қадірлей білуге тәрбиелеу.</p>	<p>балалардың музыкаға қызығушылығын ,қабілетін арттыру, ойыншық көмегімен қимыл-қозғалыс жасай білуге үйрету.Ойын арқылы көңілді,көңілсіз әуендермен таныстыру,тыңдау,сезімдерге баулу.</p> <p><b>Музыка</b> <b>Тақырыбы:«Бала,бала,балақан»</b> <b>Мақсаты:</b> Отбасында өткізілетін мерекелер туралы әңгімелер жүргізу,туған күн туралы балаларға түсініктер беру.Ән арқылы ,ойын арқылы балалардың қызығушылығын арттыру,күзгі бақ туралы түсінік беру. Қуыршақ арқылы балалардың музыкаға қызығушылығын ,қабілетін арттыру, ойыншық көмегімен қимыл-қозғалыс жасай білуге үйрету.Ойын арқылы көңілді,көңілсіз әуендермен таныстыру,тыңдау,сезімдерге баулу.</p>
--	--	---	--	--	---

**Мақсаты:**Ойыншықтарды біліп, атауға, мазмұнына қарай орнымен пайдалануға үйрету,тату ойнауға,ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Апта	Апталық тақырып	Денсаулық-3 сағат	Қатынас-1 сағат	Таным- 2 сағат	Шығармашылық- 3 сағат
Ш-апта	Менің сүйікті ойыншықтарым	Дене шынықтыру(3 сағат)	Сөйлеуді дамыту(0,5с) Көркем әдебиет(0,5с)	Сенсорика(0,5с) Құрастыру(0,5с) Жаратылыстану(1с)	Музыка (1,5с) Сурет салу (1с) Мүсіндеу(0,25с) Жапсыру(0,25с)
		1.Дене шынықтыру <b>Мақсаты:</b> Ирелең жолмен жүруге, қос аяқпен секіруге үйрету. Шағын топпен бір біріне кедергі жасамай саптан шықпай, аяқты тізеден сәл	Сөйлеуді дамыту <b>Тақырыбы:</b> «Ойыншықтар» <b>Нұрсұлтан Әлімқұлов</b>	Сенсорика <b>Тақырыбы: Тақырыбы:</b> «Сүйікті ойыншықтар» <b>Мақсаты:</b> Балаларды бірыңғай заттарды бір	Сурет салу <b>Тақырыбы: «Доптар»</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларға қарапайым дөңгелек пішінді салуды үйрету; саусақ икемділігін арттыру; өз

	<p>бүгіп секіріп калай істеу керек екенін корсету.</p> <p><b>Негізгі қозғалыстар:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1.Ирелең жолмен жүру</li> <li>2.Қос аяқпен секіру</li> </ol> <p><b>2.Дене шынықтыру</b></p> <p><b>Мақсаты</b>Қос аяқпен секіру , бір-біріне доп домалатуды. Ирелең жолмен жүруді үйрету.Қос аяқпен секіруді көрсетіп үйрету</p> <p><b>Негізгі қозғалыстар:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1.Қос аяқпен секіру</li> <li>2.Бір-біріне доп домалату</li> </ol> <p><b>3.Дене шынықтыру</b></p> <p><b>Мақсаты:</b>Түрлі бағытта жүру барысында , кеңістікті бағдарлауды дамыту,бірге ойнап білуді тәрбиелеу,алға жылжи отырып секіру, балалардың өздігінен қимыл – қозғалыс әрекеттері барысында белсенділіктерін дамыту.</p> <p><b>Негізгі қозғалыстар:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. доғаның астымен нысанаға дейін төрттағандап еңбектеу.</li> <li>2. қос аяқпен секіру.</li> </ol>	<p><b>Мақсаты:</b>ойыншықтар туралы түсіндіру.Топ бөлмесіндегі ойыншықтардың аттарын, көлемін, пішінін сөзбен атату. (қуыршақ. доп, машина, шар, аю т.б) әрқайсысын танып ажырата білуге үйрету.. Ойыншықтарды күтіп ұстауға тәбиелеу</p> <p>Сөздерді жіктелуіне қарай байланыстыруға үйрету.</p>	<p>сенсорлық белгісі бойынша топтастыруға (көлемі, пішіні, түсі) үлгіге және ауызша нұсқауларға бағдарлана отырып, тапсырмаларды орындатуға үйрету.</p> <p><b>Жаратылыстану</b></p> <p>Тақырыбы: «<b>Біздің топтың ойыншықтары</b>»</p> <p><b>Мақсаты:</b>Топтағы ойыншықтар туралы балалардың білімдерін кеңейту. Ойыншықтардың аттарын атау арқылы сөйлеу тілдерін толықтыру. Балаларға арналған ойыншықтардың адамдардың қолдарымен жасалғандығы туралы түсінік беру. Ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу.</p>	<p>жұмысының нәтижесіне қызығушылықпен қарауға және ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>Музыка</b></p> <p><b>Тақырыбы</b>«<b>Көңілді сылдырмақтар</b>»</p> <p><b>Мақсаты:</b>Ойыншықты ұқыпты ұстауға үйрету.Ән-әуенге әсерлену, қызығушылығын арттыру, ілесе қимылдауға,екеуден айналуға дағдыландыру, көтеріңкі көңіл күй сыйлау.Сылдырмақты ырғаққа сай сылдырлатып үйрету, музыка әуеніне сай қимылдар жасауға үйрету.</p> <p><b>Жапсыру</b></p> <p><b>Тақырыбы</b>«<b>Мұнара</b>»</p> <p><b>Мақсаты:</b>Балаларды дөңгелек пішіндерді орналастыра, түстерін ажырата желімсіз жапсыруда құрастыра білуге үйрету. Қызыл, сары, көк түстерді көлемдеріне қарай орналастыруына көңіл бөлуін, балалның көру, бақылау тәжірибесін байыту.</p>
--	--	---	--	---

**Мақсаты:**Үлкендер еңбегіне қызығушылығын дамыту. Балабақшадағы үлкендер еңбегі туралы ұғымдарын қалыптастыра отырып жекелеген еңбек әрекеті (күтуші ыдыс жуады, аспаз ас пісіреді, медбике градусник салады)т.б тани және атай білуге үйрету.

Апта	Апталық тақырып	Денсаулық-3 сағат	Қатынас-1 сағат	Таным- 2 сағат	Шығармашылық- 3 сағат
IV- апт	Балабақш адағы үлкендерд і еңбегі	Дене шынықтыру(3 сағат)	Сөйлеуді дамыту(0,5с) Көркем әдебиет(0,5с)	Сенсорика(0,5с) Құрастыру(0,5с) Жаратылыстану(1с)	Музыка (1,5с) Сурет салу (1с) Мүсіндеу(0,25с) Жапсыру(0,25с)
		1.Дене шынықтыру	Көркем әдебиет	Құрастыру	Сурет салу

**Мақсаты:** 1. Аралықты сақтай отырып түзу бағытта жүруге үйрету. Допты қақпадан асыра лақтыруды жетілдіру.  
**Негізгі қозғалыстар:**  
1. Тура жолмен жүру және жүгіру.  
**2. Дене шынықтыру**  
**Мақсаты:** Допты екі қолмен кеуде тұсынан қолдарын екпінді қимылмен жаза лақтыруға үйрету. Қимылды ырғақпен жеңіл, еркін, қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіре білуге үйрету. Жеңіл бытырап жүгіруге жаттықтыру  
**Негізгі қозғалыстар:**  
1. еденге тура салынған жіппен жүру;  
2. допты екі қолмен кеуде тұсынан лақтыру  
**3. Дене шынықтыру**  
**Мақсаты:** Тәрбиешінің артынан жүру мен жүгіруге үйретуді жалғастыру. Екі аяқпен секірген кезде тепе теңдікті сақтауға үйрету.  
**Негізгі қозғалыстар:**  
1. жәй жүріс

**Тақырыбы:** «Кімге не керек?» дид. ойын  
**Мақсаты:** Балаларды аспаз, дәрігер мамандықтарының негізгі кәсіптерімен таныстыруды жалғастыру. Мамандардың еңбек құралдарымен, қалай пайдалану туралы түсінігін қалыптастыру. Баланың есте сақтау, есту, зейінін дамыту.

**Тақырыбы:** «Балабақшаға жол»  
**Мақсаты:** Құрастыру материалдарының: кірпіштерді дұрыс атауға, жалпақ жіңішке жақтарын айыра білуге үйрету. Кірпіштерді үсті-үстіне қоя білуге үйрету, сары түсті атау. Сөздік жұмысын дамыту, ұқыптылыққа үйрету.  
**Жаратылыстану**  
**Тақырыбы:** «Аула сыпырушының еңбегі»  
**Мақсаты:** Балаларға балабақшадағы үлкендердің еңбегі туралы түсінік беру. Соның ішінде аула сыпырушының еңбегі туралы толығырақ түсіндіру. Оның жұмысының негізі, қандай пайдасы бар екені туралы әңгімелеу. Оның қарды қалай жинайтынын көрсету. Қар және оның қасиеттерімен таныстыру (Ол жұмсақ, ерігіш, оны тез домалатып жиауға болады) Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

**Тақырыбы:** «Әр-түрлі түстегі қақпалар» (қарындаштар)  
**Мақсаты:** Қарындашпен жұмыс жасауды үйретуді жалғастыру; төменнен жоғары, солдан оңға қарай қарай бағыттарда қысқа және ұзын сызықтар жүргізе білуді үйрету; қол ептіліктерін дамыту; ұқыпты жұмыс жасауына тәрбиелеу.  
**Музыка**  
**Тақырыбы:** «Күзгі бақта»  
**Мақсаты:** Күз мезгілі туралы балаларға түсінік беру, әуенге ілесе жеңіл би қимылдарын орындауға үйрету. Ауа райының құбылыстарымен байланыстыра білуге, музыкалық қабілеттерін арттыруға дағдыландыру. Табиғи дауыспен ән айтуға, бірге бастап, бірге аяқтауға, әуенге ілесе қарапайым би элементтерін еркін орындауға үйрету.  
**Музыка**  
**Тақырыбы:** «Күзгі бақта»  
**Мақсаты:** Күз мезгілі туралы балаларға түсінік беру, әуенге ілесе жеңіл би қимылдарын орындауға үйрету. Ауа райының құбылыстарымен байланыстыра білуге, музыкалық қабілеттерін арттыруға дағдыландыру. Табиғи дауыспен ән айтуға, бірге бастап, бірге аяқтауға, әуенге ілесе қарапайым би элементтерін еркін орындауға үйрету.

## Қазан айы

### Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»

**Мақсаты:**Отбасы туралы түсінік бере отырып, өзінің туысқанына бауырмалдық ,сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру

Апта	Апталық тақырып	Денсаулық-3 сағат	Қатынас-1 сағат	Таным- 2 сағат	Шығармашылық- 3 сағат
I-апта	Менің отбасым, ата-ана еңбегі	Дене шынықтыру(3 сағат)	Сөйлеуді дамыту(0,5с) Көркем әдебиет(0,5с)	Сенсорика(0,5с) Құрастыру(0,5с) Жаратылыстану(1с)	Музыка (1,5с) Сурет салу (1с) Мүсіндеу(0,25с) Жапсыру(0,25с)
		<p><b>1.Дене шынықтыру</b> <b>Мақсаты:</b>1.Педагогтың артынан жүру,бағытты өзгерте отырып жүруден жүгіруге ауысу. <b>Негізгі қозғалыстар:</b> 1. 2,5-2м,ені 25см тақтай бойымен жүру, 2.жіптен аттап өту.</p> <p><b>2.Дене шынықтыру</b> <b>Мақсаты:</b> Тәрбиешінің артынан жүру,бағытты өзгерте отырып жүруден жүгіруге ауысу.Заттардың арасымен шеңбер бойынша аяқтың ұшымен бірінің соңынан бірі 30-40 сек үзіліссіз жүгіру үйрету. тапсырманы орындауға дағдыландыру. <b>Негізгі қозғалыстар:</b> 1.Бір орында тұрып екі аяқтап секіру.</p> <p><b>3.Дене шынықтыру</b> <b>Мақсаты:</b> Тәрбиешінің артынан жүру,бағытты өзгерте отырып жүруден жүгіруге ауысу. Алға қарай ұмтыла екі аяқтап секіртпемен секіруді жалғастыру. Қимыл қозғалыстарын жетілдіру. <b>Негізгі қозғалыстар:</b></p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>Тақырыбы: Нешеуміз?</b> <b>I.Шұғаев</b> <b>Мақсаты:</b>Отбасы мүшелері ана, әке, әже, ата, аға, әпкенің рөлі; отбасы мүшелерінің еңбек міндеттері;туралы әңгімелесу, отбасында үлкендерді сыйлап,кішілерге қамқор болу сияқты әдептілік қағидаларын сақтай білуге,дауысты дыбыстарды анық айтуға, қарапайым сұрақтарға жауап беруге қысқа тақпақты жатқа айтуға үйрету.</p>	<p><b>Сенсорика</b> Тақырыбы: «<b>Анамызға арналған моншақтар</b>» <b>Мақсаты:</b>Балаларды көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеліктерін біркелкі және көлеміне қарай салыстыра топтастыруға үйрету. Тәрбиешінің нұсқауын зейін қойып тыңдауға, ауызекі сқйлеу тілдерін қалыптастыру. Байқағыштықтарын дамыту. Бастаған ісін аяғына дейін орындауға тәрбиелеу. <b>Жаратылыстану</b> <b>Тақырыбы: «Менің отбасым»</b> <b>Мақсаты:</b>Балаларға отбасы және отбасы мүшелері туралы түсінік беру (ата, әже, ана, әке, аға, іні, қарындас, сіңлі, апа) Өздерінің отбасы туралы әңгімелеуге талпыландыру. Сөйлем құрап айтуға, дыбыстарды анық таза жеткізе білуге дағдылан-</p>	<p><b>Сурет салу</b> <b>Тақырыбы: «Әжемнің жіп шумақтары»</b> <b>Мақсаты:</b>Балаларды түрлі-түсті фломастерлермен жіп орамының суретін салуға, кеңестіктің ортасынан бастап қолды үзбей дөңгелетіп сала білуді үйрету;ұсақ қол ептіліктерін арттыру, қарандашты ұстауын қалыптастыру, ұқыптылыққа тәрбиелеу. <b>Музыка</b> <b>Тақырыбы: «Ақ әжем»</b> <b>Мақсаты:</b>Екі түрлі музыканы (марш,жүгіру)бір бірінен ажырата білуге талпындыру, музыканы мұқият тыңдап, қимылдарды музыканың өзгеруімен өзгертуге талпындыру. Музыкаға деген сезімдерін ояту, »бәсең» және «көтеріңкі» дыбыстарды айтуға дағдыландыру <b>Мүсіндеу</b> <b>Тақырыбы: «Дәмді бауырсақтар»</b> <b>Мақсаты:</b>Алақан арасында домалату қимылымен дөңгелек пішінді бауырсақты тұзды қамыр</p>

	1.Доғаның астымен нысанаға дейін төрттағандап еңбектеу.		дыру. Отбасында үлкендерді сыйлап, кішілерге қамқор болу сияқты әдептілік қағидаларын сақтай білуге тәрбиелеу.	арқылы мүсіндеуге үйрету. Мүсіндеуде саусақ қимылдарын дамыту. Жұмыс жасаудың қарапайым әдістерін пайдаланып, ұқыптылық дағдыларын қалыптастыру.
--	---	--	--	--

**Мақсаты:** Үй және көше туралы түсінікті кеңейту, үйдегі бөлмелер, тұрмыс тіршілік әрекетін ұғынып, мейірімдік қатынасты тудыру. Қоршаған ортаға деген танымдық қызығушылығын дамыту,

Апта	Апталық тақырып	Денсаулық-3 сағат	Қатынас-1 сағат	Таным- 2 сағат	Шығармашылық- 3 сағат
II-апта	Менің көшем. Мен тұратын үй.	Дене шынықтыру(3 сағат)	Сөйлеуді дамыту(0,5с) Көркем әдебиет(0,5с)	Сенсорика(0,5с) Құрастыру(0,5с) Жаратылыстану(1с)	Музыка (1,5с) Сурет салу (1с) Мүсіндеу(0,25с) Жапсыру(0,25с)
		<p>1.Дене шынықтыру <b>Мақсаты:</b> Қарқынды өзгерте отырып жүру, қарқынмен заттардың арасымен шеңбер бойынша жүгіру. Шапшаң қимыл жасауға дағдыландыру. <b>Негізгі қозғалыстар:</b> 1.Лентамен еденде 10-20қашықта жатқан арқаннан секіру. 2.Орындық астымен нысанаға дейін төрттағандап еңбектеу.</p> <p>2.Дене шынықтыру <b>Мақсаты:</b> Қарқынды өзгерте отырып жүру, қарқынмен заттардың арасымен шеңбер бойынша жүгіру. Тепе теңдікті сақтап жүруді үйрету. <b>Негізгі қозғалыстар:</b> 1.Допты екі қолымен 1-1,25 м арақашықтағы нысанаға лақтыру . 2.Тепе-теңдікті сақтай отырып гимнастикалық орындықтың үстімен жүру.</p>	<p>Көркем әдебиет <b>Тақырыбы:</b>«Бағдаршам» <b>Ә Қонарбаев</b> <b>Мақсаты:</b>Көше туралы және көшедегі бағдаршам туралы түсінігін кеңейту, тақырыпқа сәйкес тақпақтың мазмұнын түсініп, интонациясын қабылдауды тақпақты жатқа айтуға үйрету.</p>	<p>Құрастыру <b>Тақырыбы:</b>«Айсұлудың үйіне апаратын жалғыз аяқ жол» <b>Мақсаты:</b>Қызыл және көк түсті танып, атауға үйрету, екі затты көлемі бойынша салыстыруға үйрету. Құрылыс бөлігі «кірпішпен», оның пішінімен және әртүрлі орнықтылығымен таныстыру. Кірпіштерді қалаудың тәсілдерін көрсету. Қызығушылығы мен зейіннің дамуына көмектесу. <b>Жаратылыстану</b> <b>Тақырыбы:</b> «Абайла, балақай!» <b>Мақсаты:</b> Балаларды жолда жүру ережелерімен таныстыру. Өзін көшеде жүр-</p>	<p>Сурет салу <b>Тақырыбы:</b> «Үйдің терезесіндегі жарықтар» (қарындаштар) <b>Мақсаты:</b>Қылқаламмен үзік сызықтарды кеңестікте дұрыс орналастыра сызуды үйрету; бояумен ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру; сурет салуға деген қызығушылығын арттыру; ұқыптылыққа тәрбиелеу. <b>Музыка</b> <b>Тақырыбы:</b> «Көңілді үй» <b>Мақсаты:</b>Әуеннің ырғақ екінін сезіне білуге, салыстыруға, әуенге сәйкес қозғалуға дағдыландыру. Әнді көңілді, ашық дауыспен, таза орындауға үйрету. Туған жеріне, қаласына сүйіспеншілік сезімін ояту. <b>Музыка</b> <b>Тақырыбы:</b> «Көңілді үй»</p>



		<p><b>3.Дене шынықтыру</b>  <b>Мақсаты:</b> Жүру және жүгіру барысында жаттығулар жасау, отырғыштан секірген кезде аяқты бүгіп түсу, допты домалату дағдыларын ары қарай дамыту.  <b>Негізгі қозғалыстар:</b>  1.Резинке алашаға немесе матқа аяқтың ұшымен отырғыштан (биіктігі 20 см) секіру.  2.Тізерлеп тұрып бір біріне допты домалату</p>		<p>генде қалай ұстау керек екені туралы түсінік беру. Бағдаршаммен және оның атқаратын қызметімен, көздерінің түстерімен таныстыру. Түстер туралы білімдерін бекіту. Баланы мұқият болуға тәрбиелеу.</p>	<p><b>Мақсаты:</b>Әуеннің ырғақ екпінін сезіне білуге ,салыстыруға,әуенге сәйкес қозғалуға дағдыландыру. Әнді көңілді,ашық дауыспен, таза орындауға үйрету.Туған жеріне,қаласына сүйіспеншілік сезімін ояту.</p>
--	--	---	--	--	--

**Мақсаты:**Үйдегіжәне көшедегі қауіпсіздік туралы қарапайым ережелермен таныстыру

Апта	Апталық тақырып	Денсаулық-3 сағат	Қатынас-1 сағат	Таным- 2 сағат	Шығармашылық- 3 сағат
III-апта	Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік	Дене шынықтыру(3 сағат)	Сөйлеуді дамыту(0,5с) Көркем әдебиет(0,5с)	Сенсорика(0,5с) Құрастыру(0,5с) Жаратылыстану(1с)	Музыка (1,5с) Сурет салу (1с) Мүсіндеу(0,25с) Жапсыру(0,25с)
		<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Мақсаты:</b> 1.Бағдар бойынша жүру,жүруден жүгіруге ауысу. Арқан-ның астымен нысанаға дейін төрт тағандап еңбектеуге жаттықтыру. Өздеріне деген сенімдіктерін қалыптастыру. Тепе-теңдікті сақ-тай отырып заттардан (биіктігі10-15см) шеңберден шеңберге аттау.  <b>Негізгі қозғалыстар:</b>  1.ұзындыққа бір орында тұрып секіру (арақашықтығы 40см)  <b>2.Дене шынықтыру</b>  <b>Мақсаты:</b> Допты екі қолмен жел-ке тұсынан лақтыруға үйрету, доп-тың ұшына дұрыс траектория беру. Бұлшықеттер мен қол-</p>	<p>Сөйлеуді дамыту.  <b>Тақырыбы:</b>  «Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік»  <b>(суретпен жұмыс)</b>  <b>Мақсаты:</b>Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік туралы қарапайым ережелермен таныстыру, заттардың бөлшектерін ажыратуға және атауға дауыссыз дыбыстарды дұрыс дыбыстауға ересектердің сөзін тыңдай білуге ересектермен және құрдастарымен қарым қатынас жасауды дамыту.</p>	<p><b>Сенсорика</b>  <b>Тақырыбы:</b>  Дю; «Өз үйіңді тап»  <b>Мақсаты:</b>Түстерді ажыратуға жаттықтыру, қабылдауын дамыту. Ойынның ережесін сақтауға үйрету.  <b>Жаратылыстану</b>  <b>Тақырыбы:«Жануарлардан қалай қорғану керек?»</b>  <b>Мақсаты:</b>Үй жануарлары Ит пен Мысықтың ерекшеліктерімен: немен қоректенеді, қалай қимылдайды, қандай дыбыстар шығарады, ересектердің үй жануарларына күтім жасауын</p>	<p>Сурет салу  <b>Тақырыбы:«Мерекелік отшашу» (бояу)</b>  <b>Мақсаты:</b>Мерекелік отшашудың әдемілігін сурет арқылы жеткізуге, отшашудың суретін салуға үйрету; бояумен жұмыс жасау тәсілдерін жетілдіру; әдемілікті сезіне білуге тәрбиелеу.  <b>Музыка</b>  <b>Тақырыбы: «Көңілді машина»</b>  <b>Мақсаты:</b>Әуеннің ырғақ екпінін сезіне білуге ,салыстыруға, әуенге сәйкес қозғалуға дағдыландыру. Әнді көңілді,ашық дауыспен, таза орындауға үйрету.Туған жеріне, қаласына сүйіспеншілік сезімін ояту.</p>

	<p>аяқтың үйлесімді қимылын дамыту.</p> <p><b>Негізгі қозғалыстар:</b></p> <p>а)бір орында тұрып ұзындыққа секіру (арақашықтығы 30см )</p> <p>ә)допты екі қолмен желкеден лақтыр</p> <p><b>3.Дене шынықтыру</b></p> <p><b>Тақырыбы:«Көңілді жанұямыз»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларды жүру және жүгіру кезінде белгі бойынша тоқтауға, допты заттардың арасымен домалатуға, доғаның астынан өтер кезде жинақталуға жаттықтыру</p> <p><b>Негізгі қозғалыстар:</b></p> <p>1.Доғаның астынан еңбектеп өту</p>		<p>бақылау жасау және мысықтың тырнап алуынан, иттің тістеп алуынан сақтануды үйрету .</p>	<p><b>Жапсыру</b></p> <p><b>Тақырыбы: «Менің үйім»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b>Балалардың пішіндер арқылы үйдің бейнесін желімсіз жапсырып композиция құрастыра білуіне үйрету. Пішіндерді, түстерді ажырата білуін бекіту.</p>
--	---	--	--	---

**Мақсаты:** Табиғаттағы болатын өзгерістер, құбылыстар жайлы түсінік бере отырып күз туралы білімдерін кеңейту

Апта	Апталық тақырып	Денсаулық-3 сағат	Қатынас-1 сағат	Таным- 2 сағат	Шығармашылық- 3 сағат
I V	Алтын күз	Дене шынықтыру(3 сағат)	Сөйлеуді дамыту(0,5с) Көркем әдебиет(0,5с)	Сенсорика(0,5с) Құрастыру(0,5с) Жаратылыстану(1с)	Музыка (1,5с) Сурет салу (1с) Мүсіндеу(0,25с) Жапсыру(0,25с)

	<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Мақсаты:</b> Балаларды жүру және жүгіру кезінде белгі бергенде тоқтауға үйрету. Жорғалауды үйрету. Доппен жасайтын жаттығулар кезіндегі ептіліктерін дамыту  <b>Негізгі қозғалыстар:</b>  1.Доптарды алға қарай домалату.  <b>2.Дене шынықтыру</b>  <b>Мақсаты:</b> Тәрбиешінің артынан жұптасып жүру, шашырап жүгіру . Кедергілі жазықтың бетімен еңбектеу.Допты дәлдеп лақтыру. Бұйрықты тыңдауға, тапсырманы аяғына дейін орындауға жаттықтыру.  <b>Негізгі қозғалыстар:</b>  1.Тепе-теңдік сақтау төрттағандап тақтаның үстімен 20см  2.арақашықтықта орналасқан ленталардан аттау  <b>3.Дене шынықтыру</b>  <b>Мақсаты:</b> Тәрбиешінің артынан жұптасып жүру, шашырап жүгіру. Допты қағып алу.Доптарды бір-біріне домалату.  <b>Негізгі қозғалыстар:</b>  1.Гимнастикалық орындықтың үстімен жүру,түсу.</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b>  <b>Тақырыбы: Күз</b>  <b>Қабдыкәрім Ыдырсов</b>  <b>Мақсаты:</b>Балаларды тақпақтың мазмұнын түсінуге және олардағы әрекеттердің дамуын қадағалауға, тақпақты жатқа айтуға үйрету.</p>	<p><b>Құрастыру</b>  <b>Тақырыбы: «Үйшік»</b>  <b>Мақсаты:</b>Құрылыс үлгісіне қарап, оның бөліктерін атап көрсетуге, қандай бөлшектерден құралғанын анықтауға, үйшік құрылысының жетіспейтін бөлігін таба білуге үйрету.  <b>Жаратылыстану</b>  <b>Тақырыбы:«Сыйлығы мол -Алтын күз»</b>  <b>Мақсаты:</b>Күз туралы, күзгі табиғат құбылыстары жайлы түсініктерін қалыптастыру. Бақылаудың негізінде ағаштарды, саңырауқұлақтарды, шөптерді, гүлдерді тану дағдыларын бекіту. Сөйлеу тіліне сын есімді қосып сөйлеуді үйрету. «Бұл не?» «Не істеп жатыр?» «Қандай?» сұрақтарына жауап беруге үйрету. Өсімдік әлеміне қамқор болуды үйрету</p>	<p><b>Сурет салу</b>  <b>Тақырыбы: «Жапырақтар түсуде» (бояу)</b>  <b>Мақсаты:</b> Балаларды қылқаламмен таныстыру; сүйкей жағу арқылы қағаз бетіне дақ түсіруді үйрету; қылқаламмен бояуды пайдаланып жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру; ұқыпты жұмыс жасай білуін қадағалау және тәрбиелеу.  <b>Музыка</b>  <b>Тақырыбы: «Күз ырғағы»</b>  <b>Мақсаты:</b> Әуеннің ырғақ екінін сезіне білуге ,салыстыруға, әуенге сәйкес қозғалуға дағдыландыру. Әнді көңілді, ашық дауыспен, таза орындауға үйрету.Туған жеріне, қаласына сүйіспеншілік сезімін ояту.  <b>Музыка</b>  <b>Тақырыбы: «Күз ырғағы»</b>  <b>Мақсаты:</b>Әуеннің ырғақ екінін сезіне білуге ,салыстыруға,әуенге сәйкес қозғалуға дағдыландыру. Әнді көңілді,ашық дауыспен, таза орындауға үйрету.Туған жеріне,қаласына сүйіспеншілік сезімін ояту.</p>
--	--	--	--	---

**Қараша айы**

**Өтпелі тақырып: «Дені саудың, жаны сау» қараша айы**

**Мақсаты:**Балалардың жемістер туралы, олардың емдік қасиеттері жайлы білімдерін бекіту, көптеген өсімдіктердің адам үшін маңыздылығын көрсету, сөздік қорын жаңа сөздермен толықтыру.

Апта	Апталық тақырып	Денсаулық-3 сағат	Қатынас-1 сағат	Таным- 2 сағат	Шығармашылық- 3 сағат
	П а й ы	Дене шынықтыру(3 сағат)	Сөйлеуді дамыту(0,5с)	Сенсорика(0,5с)	Музыка (1,5с)

	<b>Көркем әдебиет(0,5с)</b>	<b>Құрастыру(0,5с) Жаратылыстану(1с)</b>	<b>Сурет салу (1с) Мүсіндеу(0,25с) Жапсыру(0,25с)</b>
<p><b>1.Дене шынықтыру</b> <b>Мақсаты:</b>Ұзындыққа бір орында тұрып, аяқпен неғұрлым күшті серпіле секіруге үйрету. Шектелген алаңмен тепе-теңдік сақтай жүру. Сап- тізбекке бойына қарай тұру. <b>Негізгі қозғалыстар:</b> а)ирелең жолмен жүру(ені 25см, ұзындығы 2,5 м) ә)ұзындыққа бір орында тұрып секіру(арақашықтығы 40см)</p> <p><b>2.Дене шынықтыру</b> <b>Мақсаты:</b>Допты қақпа арқылы домалатуға үйрету. Шектелген алаңмен тепе-теңдік сақтай жүру. Аяқ бұлшықеттерін дамыту,музыка ырғағына сәйкес табиғи, еркін қимыл жасауға талпындыру <b>Негізгі қозғалыстар:</b> а)ұзындыққа бір орында тұрып секіру (арақашықтығы 40см) ә)допты қақпа арқылы домалату (ені 50см, ұзындығы 1,5 м)</p> <p><b>3.Дене шынықтыру</b> <b>Мақсаты:</b>Кегельге дейін еңбектеп барып, кегельді алу , тұру, түзелуді үйрету. Иық бұлшықеттерін, қол басын дамыту. Тепе-теңдік сақтау, ептілік пен төзімділік қабілеттерін дамыту. <b>Негізгі қозғалыстар:</b> 1.кегельге дейін еңбектеп бару, 2.кегельді 2 қолмен алу, тұру, түзелу.</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>Тақырыбы:Д/о:</b> <b>«Ғажайып қалта»</b> <b>Мақсаты:</b>Көкөністер жемістер туралы түсінік беру.Оларды сипаттап айтуға үйрету. сөздік қорларын молайту, сөз тіркестерін үйрету. ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>	<p><b>Сенсорика</b> <b>Тақырыбы: «Көкөністер»</b> <b>Мақсаты:</b>Дөңгелекті «қызанақтар», сопақшадан «қияр» ажыратып алып, оларды сәйкес пішіндегі пазлаларға орналастыра білуге үйрету. Жұмыстарына алмастырушы заттарды (картонды жапсырмалармен) ұолдана білудегі ептіліктерін дамыту. Тақырып бойынша сөйлеу тілдерін жандандыру және байыту. Бір- біріне құрметпен қарым- қатынас жасай бөлуге тәрбиелеу. <b>Жаратылыстану</b> <b>Тақырыбы: «Көкөністер олар қандай?»</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларға көкөністер, олардың түстері, жинап алатын мезгілі және неге көкөніс деп аталатынын түсіндіру. Көкөністерді сипаттау арқылы сөздік қорларын, тіл байлықтарын, ойлау қабілеттерін дамыту. Көкөністерді күтіп баптауға баулу. Күнделікті тамаққа жиі пайдаланатын</p>	<p><b>Сурет салу</b> <b>Тақырыбы: «Сәбіз»</b> <b>Мақсаты:</b>Балаларды үзік сызықтарды бір-біріне қосып, үшбұрыш пішінді сызып, сәбіздің бейнесін салуды үйрету, көкөніс туралы түсінік беру,сурет салу қызығушылығын ояту. <b>Музыка</b> <b>Тақырыбы: «Күз -жомарт»</b> <b>Мақсаты:</b> Музыка ырғағын игеру,баулу,ойната отырып көңіл күйін көтеру. Ойын арқылы көңілді,көңілсіз әуендермен таныстыру, тындау, сезімдерге баулу. Күз мерекесіне дайындала отырып,күз туралы жаңа әндермен балаларды таныстырып,әнді жәй,созылыңқы дауыспен орындауға талпындыру.Қосарланып билеуді үйрету, жұптасып бір-біріне қарап, бірге би қомылдарын орындауға үйрету. <b>Мүсіндеу</b> <b>Тақырыбы:«Қуыршақ пен қоянға арналған қонақ асы».</b> <b>Мақсаты:</b> Балалардың қол бұлшық еттерінің ептіліктерін дамыта отырып, құралдармен іскерліктерін бекіту. Мүсіндеудің түрлі тәсілдерін меңгеруге жаттықтыру. Қуыршаққа арнап бауырсақ, қоянға арнап сәбіз мүсіндеуді</p>

				кияр мен қызанақ туралы әңгімелеу.	үйрету. Ұжымдаса жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.
--	--	--	--	------------------------------------	--

**Мақсаты:** Табиғаттағы өсімдіктер әлемі, ағаштар, жемістер туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру

Апта	Апталық тақырып	Денсаулық-3 сағат	Қатынаас-1 сағат	Таным- 2 сағат	Шығармашылық- 3 сағат
II-апта	Жеміс бағында	Дене шынықтыру(3 сағат)	Сөйлеуді дамыту(0,5с) Көркем әдебиет(0,5с)	Сенсорика(0,5с) Құрастыру(0,5с) Жаратылыстану(1с)	Музыка (1,5с) Сурет салу (1с) Мүсіндеу(0,25с) Жапсыру(0,25с)
		<p><b>1.Дене шынықтыру</b> <b>Мақсаты:</b>Кегельге дейін еңбектеп барып, кегельді алу , тұру, түзелуді үйрету. Иық бұлшықеттерін, қол басын дамыту. Тепе-теңдік сақтау, ептілік пен төзімділік қабілеттерін дамыту.</p> <p><b>Негізгі қозғалыстар:</b> 1.кеглиге дейін еңбектеп бару 2.кеглиді,2қолмен алу, тұру, түзелу затты бастан көтеру</p> <p><b>2.Дене шынықтыру</b> <b>Мақсаты:</b>Балаларды жүру және жүгіру кезінде белгі бергенде тоқтауға үйрету. Жорғалауды үйрету. Доппен жасайтын жаттығулар кезіндегі ептіліктерін дамыту</p> <p><b>Негізгі қозғалыстар:</b> 1.Жерге қойылған заттардың арасымен жанамай жорғалау.</p> <p><b>3.Дене шынықтыру</b> <b>Мақсаты:</b>Балаларды шеңбер бойымен жүруге және жүгіруге, тәрбиешінің белгісі бойынша кері бағытқа айналуға жаттықтыру. Төрт тағандап еңбектеген кезде</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b> <b>Тақырыбы: Жемістер (өлең) Н.Жанаев</b> <b>Мақсаты:</b>Дұрыс тамақтану, дәрумендер туралы түсініктерін кеңейту, тақпақтың мазмұнын түсініп, интонациясын қабылдауды, жатқа айтуға үйрету.</p>	<p><b>Құрастыру</b> <b>Тақырыбы:«Жеміс бағына барамыз»</b> <b>Мақсаты:</b>Құрастыру материалдарының: кірпіштерді дұрыс атауға, жалпақ жіңішке жақтарын айыра білуге үйрету. Кірпіштерді үсті-үстіне қоя білуге үйрету, сары түсті атау. Сөздік жұмысын дамыту, ұқыптылыққа үйрету.</p> <p><b>Жаратылыстану</b> <b>Тақырыбы:«Бақта не өседі?»</b> <b>Мақсаты:</b> Балалардың көкөністер, жемістер туралы және олардың өсу ортасы жайлы алғашқы түсініктерін қалыптастыру. Олардың адамға қандай пайдасы бар екендігі туралы түсінік беру. Көкөністер мен жемістерге адам еңбегінің өнімі ретінде</p>	<p><b>Сурет салу</b> <b>Тақырыбы: «Алма ағашы»</b> <b>Мақсаты:</b>Балаларға жемістер туралы дайын салын ағаштарға саусақтармен қызыл түсті бояуға батырып алманың суретін салуды үйрету. Қоршаған ортаға деген қарым-қатынасын, танымын кеңейту.</p> <p><b>Музыка</b> <b>Тақырыбы: «Күзгі бақта»</b> <b>Мақсаты:</b>Күз мезгілі туралы балаларға түсінік беру, әуенге ілесе жеңіл би қимылдарын орындауға үйрету. Ауа райының құбылыстарымен байланыстыра білуге, музыкалық қабілеттерін арттыруға дағдыландыру. Табиғи дауыспен ән айтуға ,әнді бірге бастап,бірге аяқтауға, әуенге ілесе қарапайым би элементтерін еркін орындауға үйрету.</p> <p><b>Музыка</b> <b>Тақырыбы: «Күзгі бак»</b> <b>Мақсаты:</b>Балаларды шеңбер бойымен жүруге және жүгіруге, тәрбиешінің белгісі бойынша</p>

	қимыл қозғалыстарының координациясын сақтау, тепе теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту <b>Негізгі қозғалыстар:</b> 1.Жорғалау « Қолтырауындар» - ілініп тұрған жіптің астымен еңбектеп өту (биіктігі 50 см) 2.Тепе теңдікті сақтау		камқорлықпен қарауды үйрету.	кері бағытқа айналуға жаттықтыру. Төрт тағандап еңбектеген кезде қимыл қозғалыстарының координациясын сақтау, тепе теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту
--	--	--	------------------------------	--

**Мақсаты:** Ерте жастағы балаға адам туралы білімін жетілдіріп, қоршаған ортасында, құрбыларының бала, қыз болып бөлінетіні туралы түсінік беру

Апта	Апталық тақырып	Денсаулық-3 сағат	Қатынас-1 сағат	Таным- 2 сағат	Шығармашылық- 3 сағат
Ш-апта	Өзім туралы. Мен кімін?	Дене шынықтыру(3 сағат)	Сөйлеуді дамыту(0,5с) Көркем әдебиет(0,5с)	Сенсорика(0,5с) Құрастыру(0,5с) Жаратылыстану(1с)	Музыка (1,5с) Сурет салу (1с) Мүсіндеу(0,25с) Жапсыру(0,25с)
		<p><b>1.Дене шынықтыру</b> <b>Мақсаты:</b> Аяқтарын бүгіп секіруді жаттықтыруды жалғастыру. Бір-біріне допты домалатқан кезде бар күштерімен допты итеруді жаттықтыру</p> <p><b>Негізгі қозғалыстар:</b> 1.екі аяқпен, тізесін бүгіп жай секіру.</p> <p><b>2.Дене шынықтыру</b> <b>Мақсаты:</b> Қол ұстасып шеңбер бойымен жүруге үйрету, түрлі бағытта жүгіріп, доға астынан еңбектеу дағдыларын дамыту. Шапшаңдыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>Негізгі қозғалыстар:</b> 1.Доға астынан еңбектеу</p> <p><b>3.Дене шынықтыру</b> <b>Мақсаты:</b> Жіптен ұстап шеңбер бойымен жүруге, алға жылжи секіруді жетілдіру. Педагогтың айтқа-</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>Тақырыбы:</b> «Өзім туралы» <b>Мақсаты:</b> Өзінің дене мүшесін ажыратып атауға, дене мүшелерінің атқаратын қызметтерін айтуға дауысты дыбыстарды дұрыс дыбыстауға сөздерді байланыстырып сөйлеуге, сұрақтарға жауап беріп, ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым қатынас жасауды дамыту.</p>	<p><b>Сенсорика</b> <b>Тақырыбы:</b> Д/о: « Ұқсасын тап» <b>Мақсаты:</b> Балаларға пішіндері ұқсас (дөңгелек, сопақша, тікбұрыш, шаршы) заттарды топтастыруға үйрету. Қолдың ұсақ моторикасының үйлесімділік дағдыларын игереді.</p> <p><b>Жаратылыстану</b> <b>Тақырыбы:</b> «Мен өзім туралы не білемін?» <b>Мақсаты:</b> Балаларға адам туралы, оның физиологиялық, психологиялық ерекшеліктері туралы түсінік беру. Балаларды өздерінің дене мүшелерін көрсетуге және атын атауға үйрету: аяқ, қол, денесі, бас, көз,</p>	<p><b>Сурет салу</b> <b>Тақырыбы:</b> «Адамның бейнесін салу» <b>Мақсаты:</b> Балаларды дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш пішіндерді саусақпен салуға және өз жұмысының нәтижесіне қызығушылықпен қарауға үйрету; іс-әрекет арқылы қимыл –қозғалыстарын дамыту; құммен ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.</p> <p><b>Музыка</b> «Біз көңілді баламыз» <b>Мақсаты:</b> Өн-әуенге әсерлену, қызығушылығын арттыру, көпке ілесе қимылдауға, екеуден айналуға дағдыландыру, көтеріңкі көңіл күй сыйлау. Музыканы тыңдауды, еске түсіру қабілеттерін дамыту, ояту, ырғақты сезіну.</p> <p><b>Жапсыру</b></p>

	нын тындап, оны дұрыс орындауға ынталандыру. <b>Негізгі қозғалыстар:</b> 1.Сызықтармен шектелген (ені 25см, ұзындығы 2,5 м.) түзу жолмен жүру.		мұрын, құлақ. Дене мүшелерін танып, тәрбиешінің нұсқауларын орындауды үйрету. Мысалы: қолдарыңды көтеріңдер, көздеріңді жұмыңдар т.б	<b>Тақырыбы: «Әуедегі ұшақтар»</b> <b>Мақсаты:</b> Сопакша пішін туралы түсінік беріп, ұшақтың бейнесін құрастыруды үйрету. Қағаз бетінде дайын қиылған пішіндерден композиция жасау іскерлігін дамыту. Қоршаған ортаға деген танымын кеңейту.
--	--	--	--	---

**Мақсаты:** Ерте жастағы балаға адам туралы білімін жетілдіріп, қоршаған ортасында, құрбыларының бала, қыз болып бөлінетіні туралы түсінік беру

Апта	Апталық тақырып	Денсаулық-3 сағат	Қатынас-1 сағат	Таным- 2 сағат	Шығармашылық- 3 сағат
IV-апта	Мөлдір су	Дене шынықтыру(3 сағат)	Сөйлеуді дамыту(0,5с) Көркем әдебиет(0,5с)	Сенсорика(0,5с) Құрастыру(0,5с) Жаратылыстану(1с)	Музыка (1,5с) Сурет салу (1с) Мүсіндеу(0,25с) Жапсыру(0,25с)
		<b>1.Дене шынықтыру</b> <b>Мақсаты:</b> Қол ұстасып жұппен жүру. Бір орында тұрып қос аяқтап секіру. Дене бітімінің дұрыс қалыптасуына мүмкіндік беретін түрлі бұлшық ет топтарын нығайту <b>Негізгі қозғалыстар:</b> 1.Жұппен жүру; 2.Арақашықтығы 50 см жерден ересектерден допты алу; <b>2.Дене шынықтыру</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларға колоннада бір бірден жүру, шашыраңқы күйде жүгіру, екі аяқпен заттардың арасында секіру, допты домалату сияқты жаттығулар жасатып, олардың ептілік және дәл көзділіктерін дамыту . <b>Негізгі қозғалыстар:</b> 1.Колоннамен жүру; 2.Қос аяқпен секіру;	<b>Көркем әдебиет</b> <b>Тақырыбы:</b> <b>«Сылдырлайды мөлдір су»</b> <b>Бой сергіту өлеңдері</b> <b>Мақсаты:</b> Өзіне және айналасындағы адамдарға көмек көрсетуді, сөздік қорды заттардың қасиеттерінің және олармен әрекеттердің атауын айтуды, тілдік қарым-қатынасқа, сөйлеу тіліне сөз тіркестерін (сын есім+зат есім, зат есім+етістік) жасай білуге үйрету.	<b>Құрастыру</b> <b>Тақырыбы: «Аквариум»</b> <b>Мақсаты:</b> Ермексаздың көмегімен кубикардан балықтарға аквариум жасау. Ұсақ моториканы дамыту. Мейірімділікке, көмек көрсетуге тәрбиелеу. <b>Жаратылыстану</b> <b>Тақырыбы: «Су не үшін керек?»</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларға судың адам үшін де, жалпы тіршілік үшін де қажет екендігін түсіндіру. Судың қасиеттерімен : мөлдір, иісіз, түссіз таныстыру. Суды үнемдеп пайдалану, суды ластауға болмайтындығы жөнінде түсініктерін қалыптастыру.	<b>Сурет салу</b> <b>Тақырыбы:«Жау-жаңбыр» (бою)</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларды қарындашпен сурет салуына жаттықтыру; табиғат құбылыстарын бақылай отырып, өз түсініктерін іс-әрекетте көрсете бейнелей білуін үйрету; іс-әрекет бағытында әуенмен қимыл –қозғалыста үлестіре білуге бағыттау; табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. <b>Музыка</b> <b>Тақырыбы:«Тазалықтың досы»</b> <b>Мақсаты:</b> Күз мезгілі туралы әндерді жаттай отырып, жапырақтармен жеңіл би қимылдарын орындауға үйрету. Ырғақты сезіне білуге, ән тыңдауға баулу, әуен ырғағымен қимыл-қозғалыс жасау, дағдыларын қалыптастыру.

		<p><b>3.Дене шынықтыру</b>  <b>Мақсаты:</b>Түрлі бағытта жүгіру, қос аяқпен секіру дағдысын бекіту, орындық үстіне шығу, тепе-теңдік сақтауға, кеңістікті бағдарлау мен бірлесіп әрекет ету іскерлігін жетілдіру, дене шынықтырумен үнемі айналысу ниеттеріне, дене шынықтыру жаттығуларын орындауға тәрбиелеу.  <b>Негізгі қозғалыстар:</b>  Қос аяқпен секіру</p>		<p>Табиғат байлығына қамқор бола білу дағдыларын жетілдіру.  Тұрмыстағы (суда шомылады, сумен жуынады, сәт киімдерді жуады т.б.) және табиғаттағы (жылғалар ағады, өзен, тоған т.б.) су жайлы білу.</p>	<p>көңіл –күй сезімін ояту.  <b>Музыка</b>  <b>Тақырыбы:«Тазалықтың досы»</b>  <b>Мақсаты:</b>Күз мезгілі туралы әндерді жаттай отырып, жапырақтармен жеңіл би қимылдарын орындауға үйрету. Ырғақты сезіне білуге,ән тыңдауға баулу,әуен ырғағымен қимыл-қозғалыс жасау,дағдыларын қалыптастыру. көңіл –күй сезімін ояту.</p>
--	--	---	--	---	---

**Өтпелі тақырып: «Бізді қоршаған әлем» Желтоқсан айы**

**Мақсаты:**Жиһаз туралы мәлімет бере отырып,түрлерін білуге,қажеттілігіне қарай пайдалануға үйрету, сөздік қорларын дамыту.

Апта	Апталық тақырып	Денсаулық-3 сағат	Қатынас-1 сағат	Таным- 2 сағат	Шығармашылық- 3 сағат
I-апта	Қуыршақтың жиһаздары	Дене шынықтыру(3 сағат)	Сөйлеуді дамыту(0,5с) Көркем әдебиет(0,5с)	Сенсорика(0,5с) Құрастыру(0,5с) Жаратылыстану(1с)	Музыка (1,5с) Сурет салу (1с) Мүсіндеу(0,25с) Жапсыру(0,25с)
